



БАЙТЕРЕК

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік
қоғамы**

**Аудиттелмеген қысқартылған жекелеген аралық
қаржылық есептілігі
2019 жылғы 30 маусым**

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕЛЕГЕН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ШОЛЫП ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕЛЕГЕН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

Қаржылық жағдайы туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп	1
Пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп	4

Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер

1	Кіріспе	5
2	Холдингтік Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта	6
3	Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептіліктің негізгі қағидаттары	7
4	Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту	7
5	Ақша қаражаты және олардың баламалары	10
6	Инвестициялық бағалы қағаздар	10
7	Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	11
8	Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	14
9	Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	15
10	Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	16
11	Акционерлік капитал	17
12	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	17
13	Пайыздық шығыстар	17
14	Дивидендтерден кірістер	18
15	Өзге операциялық кірістер, нетто	18
16	Өзге қаржылық шығыстар	18
17	Әкімшілік шығыстар	19
18	Табыс салығы бойынша үнемдеу	19
19	Қаржылық тәуекелдерді басқару	20
20	Шартты міндеттемелер	23
21	Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар	24
22	Әділ құн	26
23	Сегменттер бойынша талдау	27
24	Есептік күннен кейінгі оқиғалар	27



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, 050051, Алматы,
Достық д-лы, 180,
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, 050051, Алматы,
пр. Достык, 180,
E-mail: company@kpmg.kz

Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік Қоғамының Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Кіріспе

Біз «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік Қоғамының (бұдан былай - «Холдингтік Компания») 2019 жылдың 30 маусымындағы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық жағдай туралы есебінің және осыған қатысты көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша қысқартылған жекелеген пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерінің, сондай-ақ, есеп саясатының тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ескертпелерінің (бұдан былай қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік») шолуын жүргіздік. Холдингтің Компанияның басшылығы осы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікті 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындауға және әділ түрде көрсетуге жауапты болады. Біз жүргізген шолу нәтижелері бойынша көрсетілген қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік туралы қорытынды қалыптастыруға жауаптымыз.

Шолу көлемі

Біз 2410-шы «Кәсіпорынның тәуелсіз аудиторы орындаған аралық қаржылық ақпаратты шолу» Халықаралық шолуды жүргізу тапсырмалары бойынша стандарты талаптарына сай шолу жүргіздік. Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікке шолу негізінен қаржылық және бухгалтерлік мәселелер үшін жауапты тұлғалардан ақпарат алу үшін сұрату жасау мен талдамалық және шолу шегінде қажетті басқа да рәсімдерден тұрады. Шолу көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудитке қарағанда анағұрлым аз, және сол себепті де, бізге аудит барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі мәселелер белгілі болды деген сенімділікті қамтамасыз ете алмайды. Демек, біз аудиторлық пікірді білдірмейміз.



«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз
аудиторлардың қорытындысы
2-бет

Қорытынды

Жүргізілген шолу нәтижесінде 2019 жылдың 30 маусымындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес еділ көрсетілмегендігіне назар аударуға себеп болатын деректер анықталмады.



Урдабаева А. А.
Сенімді тұлға (Аудит бойынша серіктес)

«КПМГ Аудит» ЖШС

Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

2019 жылдың 2 қыркүйегі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қаржы жағдайы туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескерт- пе	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан *
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5	2,663,742	2,596,755
Инвестициялық бағалы қағаздар	6	124,491,124	86,938,945
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	7	519,805,382	482,718,492
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	8	950,379,934	891,478,834
Алуға дивидендтер	14	12,996,230	-
Негізгі құралдар		680,791	89,110
Бейматериалдық активтер		240,481	292,991
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер		1,858,818	1,682,421
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер		1,353,691	-
Басқа активтер		355,987	293,441
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		1,614,826,180	1,466,090,989
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	9	506,488,723	435,423,764
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	10	142,456,000	123,866,691
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме		-	1,121,863
Басқа міндеттемелер		2,107,542	1,152,008
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		651,052,265	561,564,326
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	11	895,218,712	846,218,712
Бөлінбеген пайда		68,555,203	58,307,951
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		963,773,915	904,526,663
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,614,826,180	1,466,090,989

* Холдингік Компания модификацияланған ретроспективтік тәсілді қолдана отырып, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 16 алғашқы рет қолданды. Бұл тәсілге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді, ал ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолданудың жиынтық әсері бастапқы қолдану күніне бөлінбеген пайданың құрамында танылады (4-ескертпені қараңыз).

Шығарылуға бекітілген және 2019 жылғы 2 қыркүйекте басшылықтың атынан қол қойылған:

Ерсаин Ербулатович Хамитов
Басқарушы директор



Куралай Дамировна Есенғараева
Бас бухгалтер

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескерт- пе	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай*, аудиттелмеген
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі қолданылып есептелген пайыздық кірістер	12	22,337,069	15,178,342
Басқа пайыздық кірістер		10	10
Пайыздық шығыстар	13	(21,737,212)	(14,177,037)
Таза пайыздық кірістер		599,867	1,001,315
Дивидендтер бойынша кірістер	14	15,605,834	13,990,059
Өзге операциялық кірістер, нетто	15	228,416	219,613
Қаржы активтерінің құнсыздануынан залал, нетто		(284,481)	-
Өзге қаржылық шығыстар	16	(3,706,386)	-
Өкімшілік шығыстар	17	(2,191,556)	(1,961,378)
Табыс салығы шегерілгенге дейінгі пайда		10,251,694	13,249,609
Табыс салығы бойынша үнемдеу	18	280	56,755
ПАЙДА ЖӘНЕ КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		10,251,974	13,306,364

* Холдингтік Компания модификацияланған ретроспективтік тәсілді қолдана отырып, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 16 алғашқы рет қолданды. Бұл тәсілге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді, ал ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолданудың жиынтық әсері бастапқы қолдану күніне бөлінбеген пайданың құрамында танылады (4-ескертпені қараңыз).

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескерт- пе	Акционерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық		846,218,712	53,310,922	899,529,634
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысудан әсер, қайта есептелген	4	-	(5,747,812)	(5,747,812)
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта есептелген қалдық		846,218,712	47,563,110	893,781,822
Кезең ішіндегі пайда, аудиттелмеген		-	13,306,364	13,306,364
Кезең ішіндегі жиынтық кірістің жиыны, аудиттелмеген		-	13,306,364	13,306,364
2018 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген		846,218,712	60,869,474	907,088,186
2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық *		846,218,712	58,307,951	904,526,663
ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолданған кездегі түзету, аудиттелмеген	4	-	(4,722)	(4,722)
2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта есептелген қалдық, аудиттелмеген		846,218,712	58,303,229	904,521,941
Кезең ішіндегі пайда, аудиттелмеген		-	10,251,974	10,251,974
Кезең ішіндегі жиынтық кірістің жиыны, аудиттелмеген		-	10,251,974	10,251,974
Акцияларды шығару, аудиттелмеген	11	49,000,000	-	49,000,000
2019 жылғы 30 маусымға қалдық, аудиттелмеген		895,218,712	68,555,203	963,773,915

* Холдингтік Компания модификацияланған ретроспективтік тәсілді қолдана отырып, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 16 алғашқы рет қолданды. Бұл тәсілге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді, ал ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолданудың жиынтық әсері бастапқы қолдану күніне бөлінбеген пайданың құрамында танылады (4-ескертпені қараңыз).

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескерт- пе	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай*, аудиттелмеген
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Алынған пайыздар		5,213,162	1,597,420
Төленген пайыздар		(4,294,151)	(577,009)
Алынған дивидендтер	14	2,609,604	2,317,789
Төленген әкімшілік және басқа операциялық шығыстар		(2,458,164)	(2,266,503)
Экспорттық кредиттерге кепілдік беру үшін сақтандыру желісін ашу үшін төленген комиссия	16	(3,064,320)	-
Төленген табыс салығы		(176,397)	(239,354)
Операциялық қызметте (пайдаланылған)/алынған ақшалай қаражаттың таза қозғалысы		(2,170,266)	832,343
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Еншілес кәсіпорындар капиталына жарна	8	(49,000,000)	-
Еншілес кәсіпорындарға кредиттер беру	7	(45,751,078)	(10,000,000)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қағаздарды сатып алу		(41,000,002)	(4,214,552)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қағаздарды өтеу		3,255,696	-
Негізгі құралдарды сатып алу		(2,307)	(57,482)
Бейматериалдық активтерді сатып алу		(16,134)	(10,000)
Депозиттерді өтеу		-	5,350,000
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді өтеу	7	-	1,621,372
Инвестициялық қызметте пайдаланылған, ақша қаражатының таза қозғалысы		(132,513,825)	(7,310,662)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздардан түсімдер	9	61,751,078	-
Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздар алу	10	24,000,000	10,000,000
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздарды өтеу	7	-	(1,621,372)
Жай акциялар шығарудан түсімдер	11	49,000,000	-
Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражатының таза қозғалысы		134,751,078	8,378,628
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы			
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары		66,987	1,900,309
		2,596,755	225,777
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	5	2,663,742	2,126,086

* Холдингтік Компания модификацияланған ретроспективтік тәсілді қолдана отырып, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 16 алғашқы рет қолданды. Бұл тәсілге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді, ал ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолданудың жиынтық әсері бастапқы қолдану күніне бөлінбеген пайданың құрамында танылады (4-ескертпені қараңыз).

1 Кіріспе

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы («Холдингтік Компания») Қазақстан Республикасы Президентінің «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару және ұлттық экономиканы дамыту жүйесін оңтайландыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы №516 қаулысына сәйкес құрылды. 2019 жылғы 30 маусымдағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Холдингтік Компанияның соңғы бақылаушы тарабы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Холдингтік Компания он бір еншілес кәсіпорынның тікелей акционері болып табылады (2018 жылғы 31 желтоқсанда: он бір).

2013 жылғы 29 мамырда Холдингтік Компания және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) «Қазақстанның даму банкі» («ҚДБ» АҚ), «Қазақстанның инвестициялық қоры» («ҚИҚ» АҚ), «Kazakhstan Export» экспорттық сақтандыру корпорациясы» («ҚЭГ» АҚ) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» («Даму» ҚДҚ) АҚ және «Қазына Капитал Менеджмент» («ҚКМ» АҚ) акционерлік қоғамдары акцияларының пакеттерін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шартқа қол қойды, оған сәйкес Холдингтік Компания сенімгерлік басқарушы рөлін атқарды. 2013 жылғы тамыз және қазан ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ басқа акционерлік қоғамдар акцияларының пакеттері мен мүлікке айырбастай отырып, жоғарыда көрсетілген кәсіпорындар акцияларының пакеттерін Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне берді.

2013 жылғы 17 маусымда Холдингтік Компания мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті («Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті») «QazTech Ventures» (бұдан бұрын «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ («ТДҰА» АҚ)), «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» («ҚТҚЖБ» АҚ), «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» («ҚИК» АҚ), «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» («ТҚҚҚ» АҚ) және «Бәйтерек Девелопмент» («БД» АҚ) акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шартқа қол қойды, оған сәйкес Холдингтік Компания сенімгерлік басқарушы рөлін атқарды.

2013 жылғы тамыз және қазан ішінде Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 632,615,460 мың теңге жалпы сомасына Холдингтік Компанияның қарапайым акцияларына айырбастай отырып, жоғарыда көрсетілген он кәсіпорын акцияларының пакеттерімен Холдингтік Компанияның акционерлік капиталына жарна салды және 30,486,550 мың теңге сомасында ақшалай жарна салды, оны бұдан әрі Холдингтік Компания «ҚДБ» АҚ мен «ҚКМ» АҚ-ның акционерлік капиталына енгізді.

2014 жылғы 19 наурызда Холдингтік Компания «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ-мен бірлесе отырып, «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС-ын («КРПФ» ЖШС) құрды. Холдингтік Компания «КРПФ» ЖШС-ның жарғылық капиталына қатысу үлесінің 75 %-ын құрайтын 150,000 мың теңге мөлшерінде ақшалай жарна енгізді.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2014 жылғы 2 қазандағы № 964 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар комитеті акционерлік капиталға салым ретінде Холдингтік Компанияға «ҚИК» АҚ акцияларының 26.00%-ын берді. Берілген акцияларының жалпы саны номиналды құны бір акциясына 1,000 теңгені құрайтын 10,216,701 акция және атаулы құны бір акциясына 608 теңгені құрайтын 1 акция бола отырып, мәміленің сомасы 10,216,702 мың теңгені құрады.

2019 жылғы маусымда және 2018 жылғы желтоқсанда шығарылған борыштық бағалы қағаздар Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») орналастырылған.

Негізгі қызмет

Холдингтік Компанияның миссиясы, «Стратегия – 2050» алға қойылған мемлекеттік саясатты іске асыру және мақсаттарға қол жеткізу мақсатында, Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Холдингтік Компания, 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын, Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Бизнестік жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдау бағдарламасын, Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті («ШОБ») қолдау бағдарламасын, «Тиімділік 2020» мемлекеттік бағдарламасын, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдау мемлекеттік бағдарламасын, Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті қаржыландыру мемлекеттік бағдарламасын, «Бәсекеге қабілетті көшбасшылар – ұлттық чемпиондар» бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасын іске асыру арқылы мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге белсенді түрде қатысады.

1 Кіріспе, жалғасы

Негізгі қызмет, жалғасы

Холдингтік Компания өзінің қызметінде индустриалды-инновациялық даму, ұлттық өнімдер экспортын жылжыту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді іске асыру және халықтың әл-ауқатының деңгейін көтеру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған өзге де міндеттерін басшылыққа алады.

Төменде Холдингтік Компанияның негізгі еншілес кәсіпорындары ұсынылған:

Еншілес компанияның атауы	Қысқартылған атауы	Тіркелген елі	Қатысу үлесі, %	
			2019 жылғы 30 маусым	2018 жылғы 31 желтоқсан
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	«ҚДБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ	«ҚЭ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Даму» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«QazTech Ventures» АҚ (бұдан бұрын «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ)	«QTV» АҚ (бұдан бұрын, «ТДҰА» АҚ)	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	«ҚКМ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақтаушы банкі» АҚ	«ҚТҚЖБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйымы	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Кепілдендірілген тұрғын үй құрылысы қоры» АҚ	«КТҚҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Бәйтерек Девелопмент» АҚ	«БД» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС	«KPPF» ЖШС	Қазақстан Республикасы	97.70	97.70

Холдингтік Компанияның тіркелген мекенжайы және қызметін жүргізу орны. Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а Холдингтік Компанияның заңды мекенжайы мен қызметін іс жүзінде жүзеге асыру орны болып табылады.

Есептілікті ұсыну валютасы. Осы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік, егер өзгеше көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») ұсынылған.

2 Холдингтік Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Холдингтік Компания өз қызметін, негізінен, Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Холдингтік Компания Қазақстанның нарықтарындағы дамушы нарықтарға тән өзіндік ерекшеліктерді көрсететін экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасын жетілдіру жалғасын тауып жатыр, бірақ оларда әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол беріледі және оларға құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа да кемшіліктерімен жиынтығында өз қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызатын өзгерістер жиі енгізіледі. Қоса беріліп отырған қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік Холдингтік Компания басшылығының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қолда бар шарттарының Холдингтік Компания қызметінің нәтижелері мен жекелеген қаржылық жағдайына ықтимал әсер етуіне жасаған бағалауын көрсетеді. Шаруашылық жүргізудің нақты әсері оларды басшылықтың бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

3 Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары

ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме. Ұсынылып отырған қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік, ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес әзірленді. Бұл есептіліктің құрамына, Холдингтік Компанияның жекелеген қаржылық жағдайындағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және аталған күні аяқталған жыл ішіндегі соңғы жекелеген жылдық қаржылық есептіліктен кейін орын алған оның қызметінің нәтижелеріндегі өзгерістерді түсіну үшін қажетті маңызды оқиғалар мен операцияларды түсіндіретін таңдаулы ескертпелер қосылған. Бұл қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік, ашылуы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған толық жылдық жекелеген қаржылық есептілік үшін талап етілетін толық ақпаратты құрамайды.

Бұл ХҚЕС (IFRS) 16 талаптары қолданылып дайындалған Холдингтік Компанияның қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігінің бірінші жинақталымы. Есеп саясатының елеулі қағидаттарының өзгерістері 4-ескертпеде ашылады.

Холдингтік Компания сондай-ақ, ХҚЕС (IAS) 34 сәйкес, 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілігін дайындады, оны Холдингтік Компанияның басты кеңсесінен мына мекенжай бойынша алуға болады: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел 55а.

Құнды анықтау базасы. Әділ құн бойынша көрсетілетін кезең ішіндегі өзгерістері пайда немесе залалдың құрамында көрінетін, әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, бұл қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік бастапқы құны бойынша есепке алу ережелерінің негізінде дайындалған.

Функционалдық валюта және қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікті ұсыну валютасы. Холдингтік Компанияның қолданыстағы валютасы қазақстандық теңге (« теңге») болып табылады, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болғандықтан, Холдингтік Компания жүргізетін көпшілік операциялардың және оның қызметіне әсер ететін, осымен байланысты оқиғалардың экономикалық мәнін ең жақсы жолмен көрсетеді.

Қазақстандық теңге сондай-ақ, аталған осы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылады.

Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер, егер өзгесі көрсетілмесе, жақын мыңға дейін дөңгелектенеді.

Есептік бағалар мен кәсіби пікірлерді пайдалану. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікті дайындау басшылықтың есеп саясатының ережелері қалай қолданылатынына және активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығыстар қандай сомада көрсетілуіне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалдарды және есептік бағалауды пайдалануын талап етеді. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін. Бағалау және олардың негізінде жатқан жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалаудағы түзетулер тиісті бағалар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Осы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігін әзірлеу кезінде Холдингтік Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде жасалған басшылықтың елеулі жорамалдары мен бағалардың белгісіздігінің негізгі көздері, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде, Холдингтік Компанияның жекелеген қаржылық есептілігін әзірлеу кезінде пайдаланылған жорамалдарға және бағаларға сәйкеседі.

4 Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту

Бұдан әрі сипатталған өзгерістерді қоспағанда, осы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікте қолданылатын есеп саясаты соңғы жылдық жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есептерге сәйкес келеді.

Есеп саясатындағы осы өзгерістер сондай-ақ 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталатын жыл үшін Холдингтік Компанияның жекелеген қаржылық есептілігінде көрсетілетін болады деп болжанады.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»

Холдингтік Компания алғаш рет 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» қолданды.

ХҚЕС (IFRS) 16 жалға алушылар үшін олардың бухгалтерлік теңгерім көрсетілуін көздейтін жалдау шарттарын есепке алудың бірыңғай моделін енгізеді. Нәтижесінде Холдингтік Компания жалға алушы ретінде оның базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және оның жалдау төлемдерін жүзеге асыру міндетін білдіретін жалдау бойынша міндеттемелерді таныды. Жалға беруші ретінде шарттарды есепке алу тәртібі бұрынғы есеп саясатына ұқсас болып қалады.

4 Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту, жалғасы

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау», жалғасы

Холдингтік Компания түрлендірілген ретроспективті тәсілді пайдалана отырып, ХҚЕС (IFRS) 16 қолданды, оған сәйкес стандартты бастапқы қолданудан жиынтық әсері 2019 жылғы 1 қаңтарға бөлінбеген пайда құрамында танылады. Тиісінше, 2018 жылы ұсынылған салыстырмалы ақпарат қайта есептелмеді – яғни ол ХҚЕС (IAS) 17 және тиісті түсіндірмелерге сәйкес бұрын ұсынылған түрде ұсынылған. Есеп саясатының өзгеістері толығырақ бұдан әрі ашылады.

Жалдауды анықтау

Бұрын, шарт жасалған күні Холдингтік Компания келісім жалдау болып табыла ма немесе жалдау қатынастарын қамтиды ма екенін, ХҚЕТК (IFRIC) 4 «Келісімде жалдау белгілерінің болуын анықтау» сәйкес анықтаған. Енді Холдингтік Компания жалға алу шартының жаңа анықтамасына сүйене отырып, шарт жалға алу болып табыла ма немесе жалға алу қатынастарын қамтиды ма екенін бағалайды. ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес егер осы шарт бойынша белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сәйкестендірілген активтің өтемге айырбасталуына пайдаланылуын бақылау құқығы берілсе, шарт жалдау шарты болып табылады немесе жалдау қатынастарын қамтиды.

ХҚЕС (IFRS) 16 көшкен кезде Холдингтік Компания жалдауды анықтау мақсатында операцияларға бұрын жүргізілген бағалау нәтижелерін қайта қарамауға мүмкіндік беретін практикалық сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Холдингтік Компания ХҚЕС (IFRS) 16-ны бұрын жалдау шарттары ретінде сәйкестендірілген шарттарға ғана қолданды. ХҚЕС (IAS) 17 және ХҚЕС ТК (IFRIC) 4 сәйкес жалдау шарттары ретінде сәйкестендірілмеген шарттар қайта бағаланбаған. Тиісінше, ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес жалдау анықтамасы 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін жасалған немесе өзгертілген шарттарға ғана қолданылған.

Жалдау компоненті бар шартты жасасу немесе қайта бағалау сәтінде Холдингтік Компания оларды оқшауланған сатудың салыстырмалы бағалары негізінде шартта көзделген өтеуді әрбір жалдау және жалдаусыз компонентке бөледі. Алайда, ол жалға алушы болып табылатын жылжымайтын мүлік объектілерін жалға алуға қатысты Холдингтік Компания жалдаусыз компоненттерді бөлмеуді, ал оның орнына жалдаудың бірыңғай компоненті ретінде жалдау және жалдаусыз компоненттерді ескеруді шешті.

Холдингтік Компания жалға алушы ретінде

Холдингтік Компания Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы 55а, мекенжайы бойынша орналасқан кеңсе жайларын және көлік қоятын орындарды жалға алады.

Жалға алушы ретінде, Холдингтік Компания бұрын осы жалдау шеңберінде іс жүзінде меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың берілгенін өзінің бағалауына сүйене отырып, жалдау шарттарын операциялық немесе қаржылық жалдау ретінде жіктеді. ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес Холдингтік Компания меншік құқығы нысанындағы активтерді және жалдау бойынша міндеттемелерді жалдау шарттарының көпшілігіне қатысты мойындайды – яғни бұл жалдау баланста көрсетіледі.

Холдингтік Компания активтерді «негізгі құралдар» құрамында пайдалану құқығы нысанында, ал жалдау бойынша міндеттемелер – қаржылық жағдай туралы қысқартылған жекелеген аралық есепте «өзге міндеттемелер» құрамында таниды.

Есеп саясатының маңызды ережелері

Холдингтік Компания пайдалану құқығы нысанындағы активті және жалдау басталған күнгі жалдау бойынша міндеттемені таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы актив бастапқыда бастапқы құны бойынша, ал кейіннен жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша бағаланады және жалдау бойынша міндеттемелердің белгілі бір қайта бағалануын көрсету үшін түзетіледі. Пайдалану құқығы нысанындағы актив инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына жауап бергенде, ол инвестициялық жылжымайтын мүлік құрамында ұсынылады.

Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған жалдау басталған күні әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша немесе, егер бұл мөлшерлеме оңай анықталмаса, Холдингтік Компанияның қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Жалдау бойынша міндеттеменің теңгерімдік құны кейіннен осы міндеттеме бойынша пайыздар сомасына ұлғаяды және жүзеге асырылған жалдау төлемдері сомасына азайтылады. Ол индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруінен, қалдық құндылықтың кепілдігі бойынша төлеуге күтілетін соманың есептік бағасының өзгеруінен немесе жағдай бойынша активті сатып алуға немесе жалдауды ұзартуға арналған опционның орындалатынына немесе жалдауды тоқтатуға арналған опционның орындалатынына жеткілікті сенімділіктің болуын бағалаудағы өзгерістерден туындаған болашақ жалдау төлемдерінде өзгерген жағдайда қайта бағаланады.

4 Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту, жалғасы

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау», жалғасы

Есеп саясатының маңызды ережелері, жалғасы

Холдингтік Компания жалға алушы болып табылатын кейбір жалдау шарттарына қатысты Холдингтік Компания жалға беру мерзімін шарт құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілген кезеңнің ұзақтығын негізге ала отырып айқындау үшін пікірді қолданды. Холдинг Компания жалдаудың құқықтық қорғалуы жалдауды ұзарту немесе тоқтату құқығына қатысты (атап айтқанда, жалға алушының жалға алуды ұзартуға басым құқықтары туралы) заңнаманың қолданыстағы нормаларымен үйлесімде жазбаша нысанда жасалған шартпен (оның айыппұлдар туралы ережелерін қоса алғанда) қамтамасыз етіледі деп санайды. Алайда Холдингтік Компания жалға алуды ұзарту үшін оның басым құқығы жалға беруші Холдингтік Компанияны оның өтінішінде жалға беруді ұзартудан бас тарта алатын жағдайларда өздігінен жарамды деп қаралмайтынын анықтады. Осының салдарынан, қолданыс мерзімі қысқа (әдетте 11 ай) болып белгіленген жалдау шарттарына қатысты, Топтың заңнамаға сәйкес жалға алуды ұзартуға басым құқығы бар, бірақ жалға беруші Холдингтік Компанияның жалға алуды ұзарту туралы сұрауына бас тартумен жауап беруге құқылы. Холдингтік Компания жалдау мерзімі шартта көрсетілген қолданылу мерзімінен (11 айдан) аспайтынын анықтады.

Ауысу

Бұрын Холдингтік Компания кеңселік үй-жайлар мен автотұрақтарды жалдау шарттарын ХҚЕС (IAS) 17 сәйкес операциялық жалдау ретінде жіктеді. Кеңселік үй-жайларды және тұрақ орындарын жалға алу шарттарының мерзімі 4 жылды құрайды.

ХҚЕС (IAS) 17 сәйкес операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау шарттарына қатысты жаңа стандартқа көшу кезінде Холдингтік Компания 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі бойынша дисконтталған қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша жалдау бойынша міндеттемелерді бағалады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер былайша бағаланады:

- не болмаса ХҚЕС (IFRS) 16 жалдау басталған күннен бастап қолданғандай, бірақ бастапқы қолдану күніне жалға алушының қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған олардың теңгерімдік құны бойынша;
- немесе алдын ала төленген немесе есептелген жалдау төлемдерінің сомасына түзете отырып, жалдау бойынша міндеттемеге тең шама бойынша.

Холдингтік Компания ХҚЕС (IAS) 17 сәйкес бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау шарттарына қатысты ХҚЕС (IFRS) 16 қолданған кезде жалдау мерзімі 12 айдан аз болатын жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы және міндеттемелер нысанындағы активтерді танымауға мүмкіндік беретін босатуды қолданды.

Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікке әсері

ХҚЕС (IFRS) 16 ауысқан кезде, бұл айырманы бөлінбеген пайда құрамында көрсете отырып, Холдингтік Компания пайдалану құқығы нысанындағы қосымша активтерді және жалдау бойынша қосымша міндеттемелерді таныды. Төмендегі кестеде жалпыланған түрде ауысу кезінде көрсетілген әсер берілген.

	2019 жылғы 1 қаңтар, аудиттелмеген
<i>(қазақстандық мың теңге бойынша)</i>	
Негізгі құралдар құрамында ұсынылған пайдалану құқығы нысанындағы активтер	724,115
Басқа міндеттемелер құрамында ұсынылған жалдау бойынша міндеттемелер	728,837
Бөлінбеген пайда	(4,722)

Операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау шарттарына қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді бағалау кезінде Холдингтік Компания 2019 жылғы 1 қаңтарға өзінің қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалдау төлемдерін дисконттады. Қолданылған орташа өлшенген мөлшерлеме 8.50% (аудиттелмеген) құрайды.

ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолдану салдарынан бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау шарттарына қатысты Холдингтік Компания 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 606,367 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 641,427 мың теңге мөлшеріндегі жалдау бойынша міндеттемелерді таныды.

Сондай-ақ осы жалдау шарттарына қатысты 16 Холдингтік Компания ХҚЕС (IFRS) сәйкес операциялық жалдау бойынша шығыстардың орнына амортизацияны және пайыздық шығыстарды таныды. 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдинг Компания 121,273 мың теңге амортизациялық аударымдар мен 29,202 мың теңге осы жалдау шарттары бойынша пайыздық шығыстарды таныды.

4 Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту, жалғасы

Жаңа түзетулер мен түсініктемелер

Бірқатар жаңа түзетулер мен түсініктемелер 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады, бірақ олар Холдингтік Компанияның қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

Салыстырмалы деректерді ұсынуды өзгерту

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін жекелеген аралық қаржылық есептілікті қысқартылған дайындау кезінде Холдингтік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 380,739 мың теңге мөлшерінде бөлінбеген пайдаға ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысуға қатысты теріс түзетуді таныды. 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін өзінің жекелеген қаржылық есептілігін дайындау кезінде Холдингтік Компания ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылуының әсерін неғұрлым дәл көрсету үшін 5,367,073 мың теңге мөлшерінде ХҚЕС (IFRS) 9 ауысу әсерін түзетті. Осылайша, осы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептіліктегі салыстырмалы ақпарат 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бөлінбеген пайдаға ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысуға қатысты түзету ретінде 5,747,812 мың теңге мөлшеріндегі жаңартылған соманы көрсетеді, бұл 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Холдингтік Компанияның жекелеген қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаға сәйкес келеді.

5 Ақша қаражаты және олардың баламалары

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
Ағымдағы шоттар	2,663,742	2,596,755
Ақша қаражаты және олардың баламаларының жиыны	2,663,742	2,596,755

Барлық ақша қаражаты мен олардың баламалары 1 саты 12 айлық ККЗ жатады. Төмендегі кестеде «Standard and Poor's» рейтингі немесе «Moody» немесе «Fitch» агенттіктерінің рейтингтері негізінде ағымдағы шоттар бойынша ақша қаражатының және оның баламаларының кредиттік сапасына талдау берілген:

<i>(қазақстандық мың теңге бойынша)</i>	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
<i>Мерзімі өтпеген</i>		
- ҚРҰБ, рейтингсіз	14,572	1,675
- «BB-»-тен «BB+» дейінгі рейтингпен	2,648,323	2,593,620
- «B-»-тен «B+» дейінгі рейтингпен	847	625
- рейтингсіз	-	835
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиыны	2,663,742	2,596,755

Ақша қаражаты мен олардың баламаларының пайыздық мөлшерлемелерінің талдауы 19-ескертпе.

6 Инвестициялық бағалы қағаздар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
«ҚТҰҚЖБ» АҚ борыштық міндеттемелері	57,730,709	57,730,709
«БД» АҚ борыштық міндеттемелері	40,021,667	-
«ҚИК» АҚ борыштық міндеттемелері	20,015,967	20,015,967
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары	5,950,522	9,161,104
Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің қазынашылық вексельдері	1,000,002	-
Құнсыздануға резерв	(258,872)	-
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар жиыны	124,459,995	86,907,780
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
«DSFK» арнайы қаржы компаниясы» ЖШС борыштық міндеттемелері	31,129	31,165
Инвестициялық бағалы қағаздар жиыны	124,491,124	86,938,945

6 Инвестициялық бағалы қағаздар, жалғасы

2019 жылғы маусымда Холдингтік Компания жылына 9.75% купондық мөлшерлемесімен және 2029 жылы өтеу мерзімімен атаулы құны 40,000,000 мың теңге қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларды сатып алды. «БД» АҚ алған қаражат «Novacom Corporation» ЖШС (бұдан әрі - «Серіктес») 40,000,000 бірлік көлемінде бір бірлігіне 1 мың теңге баға бойынша, 2029 жылы өтеу мерзімімен Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Қайрат кентінде орналасқан жалпы ауданы 202 га жер учаскелерін сатып алуға, салуға инвестициялық жобаны Серіктес облигацияларын сатып алу арқылы қаржыландыру мақсатында облигациясын сатып алуға бағытталды.

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания 4,214,552 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарын сатып алды.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық инвестициялық қағаздар 1 саты 12 айлық ККЗ жатады. Төмендегі кестеде Standard and Poor's рейтингі немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингі негізінде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың кредиттік сапасына талдау берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
<i>Мерзімі өтпеген</i>		
- ҚРҰБ, рейтингсіз	5,950,522	9,161,104
- «BBB-»-тен «BBB+» дейінгі рейтингпен	78,746,678	77,746,676
- рейтингі жоқ («БД» АҚ)	40,021,667	-
Құнсыздануға резерв шегерілгенге дейін амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	124,718,867	86,907,780
Минус: құнсыздануға резерв	(258,872)	-
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар жиыны	124,459,995	86,907,780

Инвестициялық бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемелерін талдау 19-ескертпеде берілген.

7 Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер

	Атаулы құн		Төңгерімдік құн	
	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
- «ҚДБ» АҚ	545,498,987	521,498,987	235,067,059	213,828,911
- «БД» АҚ	353,095,125	347,344,047	174,035,221	165,155,032
- «ҚДҚ» АҚ	216,000,000	200,000,000	82,343,189	76,392,378
- «ҚИК» АҚ	132,470,920	132,470,920	27,574,531	26,753,934
- «ҚТҚЖБ» АҚ	22,000,000	22,000,000	6,404,898	6,182,144
Құнсыздануға резервті шегергенге дейін еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	1,269,065,032	1,223,313,954	525,424,898	488,312,399
Минус: құнсыздануға резерв	-	-	(5,619,516)	(5,593,907)
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің жиыны	1,269,065,032	1,223,313,954	519,805,382	482,718,492

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға жалпы сомасы 45,751,078 мың теңгеге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген)) кредит берді. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері жылдық 0.10%-дан 0.20%-ға дейін құрайды, өтеу мерзімі – 2026-2037 жылдар (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0.15%, өтеу мерзімі – 2022 жыл).

Бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде берілген кредиттер мынадай шарттармен берілді:

- облигацияларды сатып алу туралы келісімге сәйкес «ҚДБ» АҚ алдындағы «Даму» ҚДҚ» АҚ міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен және 15 жыл мерзімге «Даму» ҚДҚ» АҚ берген 16,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі кредит;

7 Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер, жалғасы

- Қазақстан Республикасында өндірілген автомобильдерді сатып алушы жеке тұлғаларды одан әрі қаржыландыру мақсатында екінші деңгейдегі банктерді келісілген қаржыландыру арқылы отандық автоөндірушілерді қаржыландыру үшін «ҚДБ» АҚ берген, сондай-ақ Қазақстан Республикасында өндірілген ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, арнайы мақсаттағы автокөлік құралдарын жалға алатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қаржыландыруды ұсыну үшін «ҚДБ-Лизинг» берген жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 18 жыл мерзімге 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі кредит;

- 14,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) «Бизнестің жол қартасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру ұсыну мақсатында, кейіннен жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен, 8 жыл мерзімге «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 8 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға кредит беру үшін;

- 5,751,078 мың теңге (аудиттелмеген) облыстардың (Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында, тұрғын үй салу және кейіннен оны сатып алу үшін жылына 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен және 8 жыл мерзімге «БД» АҚ-ға кредит беру үшін;

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, кредиттер мынадай шарттармен берілді:

- 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) «Бизнестің жол қартасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру ұсыну мақсатында, кейіннен жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен, 9 жыл мерзімге «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 9 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға кредит беру үшін ;

Бастапқы тану кезінде кредиттер жылына 8.54%-дан бастап 10.65%-ға дейін өзгертін (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: жылдық 8.48%), болашақ ақша қаражатының ағындарын дисконттау үшін тиісті есептік нарықтық сыйақы мөлшерлемесі пайдаланыла отырып есептелген әділ құн бойынша танылған болатын. Холдингтік Компания нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді бастапқы тану кезінде пайданың немесе залалдың құрамында, залал ретінде әділ құн мен атаулы құн арасындағы 13,320,568 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 3,652,825 мың теңге (аудиттелмеген)) сомасындағы айырмашылықты таныды (15-ескертпе). Холдингтік Компания «Даму» ҚДҚ» АҚ нарықтықтан төмен мөлшерлеме бойынша берген кредиттерді бастапқы тану кезінде дисконт ретінде есептік әділ құн мен атаулы құн арасында 12,376,375 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: жоқ) мөлшеріндегі айырмашылықты таныды және айырмашылықты салықтарды шегергенде еншілес кәсіпорындарға инвестициялар ретінде ұсынды (8-ескертпе).

Осы кредиттерді қаржыландыру жалпы номиналдық құны 24,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген)), жылдық 0.10% (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: жылдық 0.10%) сыйақы мөлшерлемесімен, 2027 – 2037 жылдары өтеу мерзімімен (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 2027 жыл) теңгемен көрсетілген Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар есебінен (10-ескертпе), және жалпы атаулы құны 21,751,078 мың теңге (аудиттелмеген), жылдық 0.15%-дан 9.57%-ға дейін (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: жоқ) сыйақы мөлшерлемесімен, 2022 – 2029 жылдары өтеу мерзімімен (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: жоқ) шығарылған борыштық бағалы қағаздар есебінен (9-ескертпе) жүзеге асырылды. Бастапқы тану кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздардың әділ құны мен номиналдық құн арасындағы 13,539,872 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 3,808,188 мың теңге (аудиттелмеген)) мөлшеріндегі айырмашылық пайда немесе залал құрамында мемлекеттік субсидия ретінде Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді бастапқы тану кезінде залалды таныған жолда танылды (15-ескертпе).

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде "ҚИК" АҚ 1,621,372 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшерінде кредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеуді жүзеге асырды, ал Холдингтік Компания өз кезегінде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарызды ішінара өтеді. Мерзімінен бұрын ішінара өтелгенге дейін еншілес кәсіпорынға берілген кредиттің бастапқы келтірілген таза құны мен мерзімінен бұрын ішінара өтелгеннен кейін келтірілген жаңа таза құн арасындағы 1,164,494 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі айырмашылық еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді мерзімінен бұрын өтеуден түскен пайда ретінде пайда немесе залал құрамында танылды (15-ескертпе). Мерзімінен бұрын ішінара өтеуге дейін Үкіметтен алынған қарыздың бастапқы таза келтірілген құны мен мерзімінен бұрын ішінара өтелгеннен кейін келтірілген жаңа таза құн арасындағы айырмашылық 1,178,761 мың теңге (аудиттелмеген) Үкіметтен алынған кредиттерді мерзімінен бұрын өтеуден болған залал ретінде пайда немесе залал құрамында танылды (15-ескертпе).

7 Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер, жалғасы

Тиісінше 2019 жылғы 30 маусымда және 2018 жылғы 30 маусымдағы аяқталған алты ай ішінде ККЗ сатылары бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің құнсыздануына резервтің өзгеруі былайша берілуі мүмкін:

	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген			2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген		
	Саты 1 12-айлық ККЗ	Саты 2 Кредиттік құнсыздан- ған болып табылмай- тын бүкіл мерзім үшін	Жиыны	Саты 1 12-айлық ККЗ	Саты 2 Кредиттік құнсыздан- ған болып табылмай- тын бүкіл мерзім үшін	Жиыны
		ККЗ			ККЗ	
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>						
Кезең басындағы жағдай бойынша резерв шамасы	883,177	4,710,730	5,593,907	-	-	-
ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолданудың әсері	-	-	-	667,383	4,699,690	5,367,073
Резервті есептеу/(қалпына келтіру)	49,880	(24,271)	25,609	-	-	-
Кезең соңындағы жағдай бойынша резервтің шамасы	933,057	4,686,459	5,619,516	667,383	4,699,690	5,367,073

Төмендегі кестеде Standard and Poor's рейтингі немесе Moody' s немесе Fitch агенттіктерінің рейтингі негізінде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың кредиттік сапасына талдау берілген:

	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген			
	Саты 1 12-айлық ККЗ	Саты 2 Кредиттік құнсыздан- ған болып табылмай- тын бүкіл мерзім үшін	Саты 3 Кредиттік құнсыздан- ған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін ККЗ	Жиыны
		ККЗ	ККЗ	
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
BBB- кредиттік рейтингісімен	230,405,707	38,640,781	-	269,046,488
BB+ кредиттік рейтингісімен	3,640,744	78,702,446	-	82,343,190
берілген кредиттік рейтингсіз	174,035,220	-	-	174,035,220
	408,081,671	117,343,227	-	525,424,898
Залалдарға бағалық резерв	(933,057)	(4,686,459)	-	(5,619,516)
Теңгерімдік құны	407,148,614	112,656,768	-	519,805,382

	2018 жылғы 31 желтоқсан			
	Саты 1 12-айлық ККЗ	Саты 2 Кредиттік құнсыздан- ған болып табылмай- тын бүкіл мерзім үшін	Саты 3 Кредиттік құнсыздан- ған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін ККЗ	Жиыны
		ККЗ	ККЗ	
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
BBB- кредиттік рейтингісімен	209,262,518	37,502,471	-	246,764,989
BB+ кредиттік рейтингісімен	-	76,392,378	-	76,392,378
берілген кредиттік рейтингсіз	165,155,032	-	-	165,155,032
	374,417,550	113,894,849	-	488,312,399
Залалдарға бағалық резерв	(883,177)	(4,710,730)	-	(5,593,907)
Теңгерімдік құны	373,534,373	109,184,119	-	482,718,492

8 Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
Теңгерімдік құны:		
«ҚДБ» АҚ	403,515,793	388,515,793
«ҚКМ» АҚ	104,696,686	104,696,686
«ҚТҚЖБ» АҚ	95,159,603	95,159,603
«Даму» ҚДҚ» АҚ	88,826,894	78,925,794
«ҚЭГ» АҚ	74,918,407	40,918,407
«БД» АҚ	47,732,078	47,732,078
«ҚИҚ» АҚ	44,339,971	44,339,971
«ҚИК» АҚ	43,682,233	43,682,233
«QTV» АҚ	23,129,805	23,129,805
«ТҚКҚ» АҚ	22,228,464	22,228,464
«КРРФ» ЖШС	2,150,000	2,150,000
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар жиыны	950,379,934	891,478,834

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания «ҚДБ» АҚ еншілес кәсіпорындарына 15,000,000 мың теңге мөлшерінде және «КЭ» АҚ-ға 34,000,000 мың теңге мөлшерінде ақша қаражатымен және 16,000,000 мың теңге сомасына төмен сыйақы мөлшерлемесі бар кредит беру арқылы капиталға салуды жүзеге асырды; 9,901,100 мың теңге сомасына салықтарды шегергендегі дисконт еншілес кәсіпорынға инвестиция ретінде танылды (7-ескертпе).

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорындарға инвестицияларының теңгерімдік құнының өзгерістері ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 1 қаңтар	Салым, аудиттелмеген	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген
Теңгерімдік құны:			
«ҚДБ» АҚ	388,515,793	15,000,000	403,515,793
«ҚКМ» АҚ	104,696,686	-	104,696,686
«ҚТҚЖБ» АҚ	95,159,603	-	95,159,603
«Даму» ҚДҚ» АҚ	78,925,794	9,901,100	88,826,894
«ҚЭГ» АҚ	40,918,407	34,000,000	74,918,407
«БД» АҚ	47,732,078	-	47,732,078
«ҚИҚ» АҚ	44,339,971	-	44,339,971
«ҚИК» АҚ	43,682,233	-	43,682,233
«QTV» АҚ	23,129,805	-	23,129,805
«ТҚКҚ» АҚ	22,228,464	-	22,228,464
«КРРФ» ЖШС	2,150,000	-	2,150,000
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар жиыны	891,478,834	58,901,100	950,379,934

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға инвестицияларының теңгерімдік құнына өзгерістер болған жоқ .

9 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

	<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		Номиналдық құны		Теңгерімдік құны	
	Орналас- тырылған күні	Өтелетін күні	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
KZ2C0Y15G093 (листинг)	20.12.2018	27.12.2033	77,700,000	77,700,000	77,809,012	77,782,017
KZ2C0Y20F251	25.03.2016	25.03.2036	202,000,000	202,000,000	63,934,413	61,835,624
KZP01Y20E920	13.03.2015, 31.03.2015	13.03.2035	170,000,000	170,000,000	63,461,763	61,549,827
KZ2C00006088 (листинг)	28.06.2019	28.06.2029	40,000,000	-	40,021,111	-
KZ2C0Y20E676	15.04.2014	15.04.2034	100,000,000	100,000,000	39,903,051	38,711,102
KZ2C0Y20E775	10.12.2014	10.12.2034	100,000,000	100,000,000	38,392,307	37,249,114
KZP02Y20E738	26.03.2015	30.06.2022	38,095,125	38,095,125	32,160,167	31,292,745
KZPO4M87F618	28.12.2018, 21.01.2019	12.03.2026	50,295,700	44,544,622	29,608,889	25,246,220
KZP01Y20E730	15.07.2014	15.07.2034	23,000,000	23,000,000	22,383,302	21,806,475
KZ2C0Y20E742	30.10.2014	30.10.2034	50,000,000	50,000,000	18,958,375	18,382,517
KZP01Y30E879	21.01.2015, 16.02.2015	21.01.2045	92,500,000	92,500,000	18,052,486	17,513,584
KZ05VNA00000529	12.06.2019	10.06.2022	16,000,000	-	16,085,067	-
KZP01Y09F615	19.10.2017	29.03.2026	21,100,000	21,100,000	11,954,504	11,469,544
KZPO3M89F616	16.10.2018	12.03.2026	15,004,300	15,004,300	8,465,916	8,117,696
KZPO2M92F612	12.07.2018	12.03.2026	10,600,000	10,600,000	6,241,137	6,002,970
KZP02Y20E928	29.09.2015	29.09.2035	15,000,000	15,000,000	5,341,627	5,178,889
KZ2C0Y20F236	03.02.2016	03.02.2036	15,000,000	15,000,000	5,116,856	4,958,080
KZP02Y30E877	29.01.2016	29.01.2046	22,500,000	22,500,000	4,495,207	4,367,947
KZP03Y20E736	09.03.2016	09.03.2036	15,000,000	15,000,000	4,103,532	3,959,413
			1,073,795,125	1,012,044,047	506,488,723	435,423,764

2019 жылғы маусымда (KZ2C00006088) және 2018 жылғы желтоқсанда (KZ2C0Y15G093) шығарылған борыштық бағалы қағаздар Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») листингке енгізілді. 2019 жылғы 30 маусымдағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның қалған борыштық бағалы қағаздарының листингі болған жоқ.

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания жалпы сомасы 61,751,078 мың теңгеге (аудиттелмеген) (2018 жылдың алты айы ішінде Холдингтік Компания борыштық бағалы қағаздарды шығарған жоқ) облигациялар шығарды:

- жалпы атаулды құны 40,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) қамтамасыз етусіз, жылдық 9.50% купондық мөлшерлемесімен және 2029 жылы өтеу мерзімімен шығарылған купондық облигациялар. Қаражат «БД» АҚ шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында Алматы қаласында жер массивін салудың инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін пайдаланылатын болады;

- атаулды құны 16,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) қамтамасыз етусіз, жылдық 9.57% купондық мөлшерлемесімен және 2022 жылы өтеу мерзімімен шығарылған купондық облигациялар. Қаражат «Даму» ҚДҚ» АҚ еншілес кәсіпорнына қаржылық қолдау ретінде төмен сыйақы мөлшерлемесімен кредит беру үшін пайдаланылатын болады;

- жылдық 0.15% купондық мөлшерлемесімен және 2026 жылы өтеу мерзімімен шығарылған атаулды құны 5,751,078 мың теңге (аудиттелмеген) қамсыздандырусыз купондық облигациялар. Қаражат тұрғын үй салу және оны кейіннен сатып алу үшін облыстардың (Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында қаржыландыруға арналған.

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде шығарылған борыштық бағалы қағаздарды (KZ2C00006088) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ сатып алды. Бұдан басқа, 16,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) атаулды құны бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздарды (KZ05VNA00000529) «ҚТҚЖБ» АҚ еншілес кәсіпорны нарықтық шарттарда сатып алды.

2018 жылғы желтоқсанда шығарылған борыштық бағалы қағаздарды (KZ2C0Y15G093) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ және «Nomad Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ сатып алды.

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде шығарылған барлық басқа облигацияларды ҚРҰБ сатып алды.

9 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар, жалғасы

Мемлекеттік қолдау және даму бағдарламаларын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі бағдарламалардың агенттері ретінде Холдингтік Компания, оның еншілес кәсіпорындары және коммерциялық банктер үшін, әрі қаражатты түпкілікті алушылар үшін сыйақы мөлшерлемелері, қаржыландыру мерзімдері және ілеспе талаптар түріндегі қаржыландыру шарттарын белгілейді. Сонымен қатар, Үкімет арнайы шарттар қабылдады, оларға сәйкес Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорындары коммерциялық банктер мен компанияларды одан әрі қаржыландыруды жүзеге асыруы мүмкін. Осы себеп бойынша ҚРҰБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде сатып алынған облигациялар орналастырылған күнгі әділ құны бойынша бағалаудағы айырманың сомасы мемлекеттік субсидия ретінде танылған болатын, себебі, ҚРҰБ Холдингтік Компанияның түпкілікті акционерінің мүддесінде емес, мемлекеттің агенті ретінде әрекет еткен, себебі, қарыздар бойынша барлық шарттар Үкімет деңгейінде көрсетілген бағдарламаларды қаржыландыру туралы қарарда келісілген болатын және Үкімет осы бағдарламалардан Холдингтік Компанияның акционері ретінде тікелей экономикалық пайданың түсуін күтпейді, өйткені, бағдарламаларда айқындалған субъектілер жеңілдіктерді түпкілікті алушылар болып табылады. Осылайша, есепті кезең ішінде Холдингтік Компания мемлекеттік субсидиялар ретінде 2,505,198 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: жоқ) мөлшеріндегі кірісті көрсетті, ол пайда немесе залал туралы жекелеген есептегі өзге операциялық кірістерде және өзге жиынтық кірісте танылды (15-ескертпе). Холдингтік Компания бастапқы тану кезіндегі шығарылған облигациялардың әділ құнын айқындау кезінде жылдық 8.54% нарықтық сыйақы мөлшерлемелерін пайдаланды.

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде шеккен 15,971,742 мың теңге (аудиттелмеген) сомасындағы пайыздық шығыстар (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 9,799,244 мың теңге (аудиттелмеген)) шығарылған борыштық бағалы қағаздарға жатады (13-ескертпе).

10 Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар

	Атаулдық құны		Теңгерімдік құны	
	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	312,969,907	288,969,907	142,456,000	123,866,691
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар жиыны	312,969,907	288,969,907	142,456,000	123,866,691

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Холдингтік Компания Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен жалпы сомасы 24,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) қарыз алды (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген)):

- 14,000,000 мың теңге мөлшеріндегі (аудиттелмеген) кредит, өтеу мерзімі 8 жылға, жылдық 0.10% мөлшерлеме бойынша берілді. Аталған қаражат, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру беру үшін, кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, Холдингтің еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ несиелеуге арналған;

- 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі кредит жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен берілген, өтеу мерзімі – 18 жыл. Тартылған қаражат отандық өндірістің жеңіл автокөлікті сатып алушы жеке тұлғаларға кредит беру үшін екінші деңгейдегі банктерді шартты қаржыландыру жолымен отандық автоөндірушілерді қаржыландыру үшін Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ және арнайы мақсаттағы автокөлік құралдарын лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді қаржыландыру үшін «ҚДБ-Лизинг» АҚ кредиттеу үшін арналған.

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде келесідей қарыздар алынды:

- 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі кредит жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен берілген, өтеу мерзімі – 9 жыл. Аталған қаражат, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру беру үшін, кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, Холдингтің еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ несиелеуге арналған.

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Холдингтік Компания 11,034,674 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі кірісті мемлекеттік субсидиялар ретінде көрсетті (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 3,808,188 мың теңге (аудиттелмеген)), ол пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы жекелеген аралық есептегі басқа операциялық кірісте танылды (15-ескертпе). Холдингтік Компания, шарт бойынша ақшалай қаражаттың болашақ ағындарын дисконттау арқылы бастапқы тану кезінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздардың әділ құнын анықтау кезінде жылдық 8.73%-дан 8.76%-ға дейін (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: жылдық 8.70%) (аудиттелмеген) нарықтық сыйақы мөлшерлемесін пайдаланды.

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде көтерген 5,765,470 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі пайыздық шығыстар (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 4,377,793 мың теңге (аудиттелмеген)), Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарызына жатады (13-ескертпе).

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікке ескертпелер –
2019 жылғы 30 маусым

11 Акционерлік капитал

<i>(мың қазақстандық теңгемен, акциялар санын қоспағанда)</i>	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
Шығаруға рұқсат етілген жай акциялар	5,000,086,550	5,000,086,550
Шығаруға рұқсат етілген, бірақ шығарылмаған жай акциялар	(4,104,867,838)	(4,153,867,838)
Шығарылған және төленген акциялар жиыны	895,218,712	846,218,712
Бір акцияның атаулы құны, теңге	1,000	1,000
Шығарылған және төленген акционерлік капитал	895,218,712	846,218,712

Барлық жай акциялар әрбір акция бойынша бір дауыс құқығын береді.

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Холдингтік Компания жалпы атаулдық құны 49,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) болатын акциялар шығарды (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: Холдингтік Компания акциялар шығарған жоқ).

12 Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кірістер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	18,020,545	14,294,266
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	4,094,237	82,084
Ақша қаражаты және оның баламалары	222,287	-
Депозиттер	-	801,992
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кірістердің жиыны	22,337,069	15,178,342

2019 жылғы 30 маусыммен аяқталған алты ай ішінде пайыздық кірістер сомасына, еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді бастапқы тану кезінде туындаған дисконтты амортизациялау нәтижесінде алынған 17,078,602 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 13,468,517 мың теңге (аудиттелмеген)) сомасындағы кірістер қосылған.

13 Пайыздық шығыстар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	15,971,742	9,799,244
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	5,765,470	4,377,793
Пайыздық шығыстар жиыны	21,737,212	14,177,037

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар сомасына, шығарылған борышқорлық бағалы қағаздарды бастапқы тану кезінде туындаған дисконттың амортизациясы нәтижесінде алынған 11,700,018 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 9,361,872 мың теңге (аудиттелмеген)) сомасындағы шығыстар қосылған (9-ескертпе).

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарызы бойынша пайыздық шығыстар сомасына, Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарызды бастапқы тану кезінде туындаған дисконттың амортизациясы нәтижесінде алынған 5,628,343 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 4,262,262 мың теңге (аудиттелмеген)) көлеміндегі шығыстар қосылған (10-ескертпе).

14 Дивидендтерден кірістер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	Жарияланған, аудиттелмеген	Төленген, аудиттелмеген	2019 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген
«ҚТҚЖБ» АҚ	-	7,936,551	-	7,936,551
«БД» АҚ	-	3,336,714	-	3,336,714
«ҚИК» АҚ	-	1,385,764	-	1,385,764
«ҚКМ» АҚ	-	1,102,490	(1,102,490)	-
«ҚДБ» АҚ	-	973,142	(973,142)	-
«ҚЭ» АҚ	-	475,666	(475,666)	-
«ҚИК» АҚ	-	337,201	-	337,201
«QTV» АҚ	-	54,142	(54,142)	-
«КРPF» ЖШС	-	4,164	(4,164)	-
	-	15,605,834	(2,609,604)	12,996,230

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	Жарияланған, аудиттелмеген	Төленген, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген
«ҚТҚЖБ» АҚ	-	7,675,971	-	7,675,971
«ҚДБ» АҚ	-	1,428,367	(1,428,367)	-
«Даму» ҚДҚ» АҚ	-	1,234,153	-	1,234,153
«ҚИК» АҚ	-	1,108,575	-	1,108,575
«ҚКМ» АҚ	-	1,014,182	-	1,014,182
«ҚКМ» АҚ	-	882,282	(882,282)	-
«ҚЭ» АҚ	-	639,389	-	639,389
«КРPF» ЖШС	-	7,140	(7,140)	-
	-	13,990,059	(2,317,789)	11,672,270

15 Өзге операциялық кірістер, нетто

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша еншілес ұйымдарға берілген несиелерді бастапқы тану кезіндегі залал (7- ескертпе)	(13,320,568)	(3,652,825)
Мемлекеттік субсидия (9 және 10-ескертпелер)	13,539,872	3,808,188
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді мерзімінен бұрын өтеуден пайда (7-ескертпе)	-	1,164,494
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарызды мерзімінен бұрын өтеуден залал (7-ескертпе)	-	(1,178,761)
Басқа	9,112	78,517
Өзге операциялық кірістер жиыны, нетто	228,416	219,613

16 Өзге қаржылық шығыстар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Экспорттық кредиттерге кепілдік беру үшін сақтандыру желісін ашу үшін комиссия*	3,677,184	-
Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша пайыздық шығыс	29,202	-
Өзге қаржылық шығыстар жиыны	3,706,386	-

*2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания Қазақстан Республикасына қатысты экспорттық кредиттерге кепілдік беру үшін сақтандыру лимитін жаңарту үшін Германия Федеративтік Республикасының атынан шыққан «Euler Hermes Aktiengesellschaft»-пен негіздемелік келісімге сәйкес 3,677,184 мың теңге (9,600,000 АҚШ долларына баламалы) мөлшерінде комиссия төледі. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша резидент емес үшін төлем көзінен 612,864 мың теңге мөлшерінде корпоративтік табыс салығы төленбеген (аудиттелмеген).

17 Әкімшілік шығыстар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Қызметкерлерді ұстау шығысы	1,063,511	991,867
Директорлар кеңесін ұстау шығысы	222,740	185,177
Аутсорсинг бойынша шығыстар	154,614	135,757
Негізгі құралдар амортизациясы	138,266	22,381
Консультациялық қызметтер	133,365	217,497
Қызметкерлерді оқыту, конференциялар	92,063	20,789
Бағдарламалық жасақтаманың және басқа бейматериалдық активтердің амортизациясы	68,644	66,378
Жарнамалық және маркетингтік қызметтер	70,499	14,231
Негізгі құралдарға жататын, басқа да шығындар	58,603	40,532
Іссапар шығыстары	46,045	44,215
Байланыс қызметтері	37,224	21,275
Сақтандыру шығыстары	22,693	16,199
Операциялық жалдау шығысы	19,248	138,115
Кеңселік типографиялық өнімдер, беделдік өнімдер шығыстары	4,133	3,745
Басқалар	59,908	43,220
Әкімшілік шығыстар жиыны	2,191,556	1,961,378

18 Табыс салығы бойынша үнемдеу

Кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілген, табыс салығы бойынша шығыстарға мына компоненттер кіреді:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	-	-
Уақытша айырма туындау және қалпына келтіру салдарынан кейінге қалдырылған салықтық активтер/міндеттемелер мәнінің өзгерісі	280	56,755
Табыс салығы бойынша үнемдеудің барлығы	280	56,755

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компанияның пайдасына қолданылатын ағымдағы табыс салығының мөлшерлемесі 20%-ды құрайды (2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 20%).

Төменде, салық салу бойынша нақты шығысты теориялық салық шығысымен салыстыру берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	%	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	%
Салық салуға дейінгі пайда	10,251,694	100.00	13,249,609	100.00
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	(2,050,339)	(20.00)	(2,649,922)	(20.00)
Дивидендтер бойынша салық салынбайтын кіріс	3,121,167	30.45	2,798,012	21.12
Құнсызданудан шегерілмейтін залалдар	(56,896)	(0.55)	-	-
Құнсыздану резервін қалпына келтіру бойынша салық салынбайтын кіріс	-	-	11,878	0.09
Шегерілмейтін шығыстар (сақтандыру желісі бойынша комиссия)	(735,437)	(7.17)	-	-
Танылмаған кейінге қалдырылған салықтық активтер	(269,651)	(2.63)	(161,802)	(1.22)
(Шегерілмейтін шығыстар)/салық салынбайтын кірістер	(8,564)	(0.08)	58,589	0.44
Табыс салығы бойынша үнемдеу	280	0.02	56,755	0.43

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Холдингік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі ережелері мен рәсімдері. Холдингік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты, Холдингік Компания ұшырататын, тәуекелдерді талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін белгілеуге және тиісінше бақылауға, сондай-ақ, тәуекелдер деңгейін тұрақты бағалауға және белгіленген лимитке сәйкестікке келтіруге бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің нарықтық ахуалының өзгерістерін және пайда болған үздік практиканы көрсету мақсатында, тұрақты түрде қайта қаралып отырады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың мақсаты мыналар болып табылады:

- Холдингік Компаниядағы басқару элементі ретінде, тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін және интеграцияланған процесті құру және тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартты тәсілдер негізінде Холдингік Компания қызметін тұрақты жетілдіру;
- Холдингік Компанияның, өзінің қызметі ауқымына сәйкесетін ыңғайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;
- қабылданған тәуекелдердің ұстап тұру қасиетін айқындау және тиімді басқарылуын қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді уақытында анықтау;
- әлеуетті залалды өтеуге арналған залалды барынша азайту және ағымдағы шығысты төмендету.

Тәуекелдерді басқару құрылымы. Холдингік Компанияның тәуекелдерін басқару құрылымы Холдингік Компанияның мынадай органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің: Директорлар кеңесінің, Басқарманың, активтерді және пассивтерді басқару Комитетінің, тәуекелдерді басқару департаментінің, Ішкі аудит қызметінің, алқалы органдардың және басқа да құрылымдық бірліктердің қатысуымен тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқарумен ұсынылған.

Директорлар кеңесі. Тәуекелдерді басқарудың бірінші деңгейі Холдингік Компанияның Директорлар кеңесіне берілген. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің мінсіз қызметі үшін, маңызды тәуекелдерді және тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін басқару үшін, толықтай барлық жауапкершілікті атқарады. Директорлар кеңесі, Холдингік Компания қызметінің міндеттерін белгілейді және тәуекелдерді басқаруға жататын құжаттарды бекітеді.

Басқарма. Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейін Холдингік Компанияның Басқармасы ұсынады. Холдингік Компанияның Басқармасы корпоративтік саясаттың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі мен тәуекелді бақылау құрылымын құру үшін жауапты болады. Басқарма «тәуекелдерді түсіну» мәдениетін құру үшін жауапты болады, ол тәуекелдерді басқаруды және Холдингік Компанияның тәуекелдерді басқару философиясын көрсетеді. Сондай-ақ Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізу үшін жауапты болады, онда барлық жұмыскерлердің тәуекелдерді басқару үшін нақты айқындалған жауаптылығы болады және олар өз міндеттерін лайықты орындау үшін жауапты болады. Басқармаға тәуекелдерді басқару саласындағы өз функцияларының бір бөлігін тиісті комитеттерді құру арқылы жүзеге асыруға уәкілеттік берілген.

Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитет. Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитеті Холдингік Компанияның Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Директорлар кеңесіне Холдингік Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне (оның ішінде жекелеген қаржылық есептіліктің толықтығы мен анықтығына) тиімді бақылау жүйесін орнату жөнінде, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау жөнінде, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау жөнінде ұсынымдар дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылады.

Тәуекелдерді басқару департаменті. Тәуекелдерді басқарудың үшінші деңгейін тәуекелдерді басқару департаменті ұсынады. Тәуекелдерді басқару департаментінің мақсаттары тәуекелдерді жалпы басқаруды және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестігіне бақылауды, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтаудың, бағалаудың, басқару мен олар бойынша есептілікті ұсынудың жалпы қағидалары мен әдістерінің іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруды қамтиды.

Ішкі аудит қызметі. Холдингік Компанияның Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тәуекелдерді бағалау әдістерінің аудитін жүргізеді және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлейді. Ішкі аудит қызметі Холдингік Компанияның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептер ұсынады және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес басқа да функцияларды орындайды.

Құрылымдық бірліктер. Тәуекелдерді басқару құрылымындағы маңызды элементтердің бірі Холдингік Компанияның әр жұмыскер ұсынатын құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдерді иеленушілер) тәуекелдерді басқару процесінде негізгі рөл атқарады. Холдингік Компанияның жұмыскерлері күн сайын тәуекелдермен жұмыс істейді, тәуекелдерді басқарады және өздерінің қызметінің саласына тәуекелдердің әлеуетті әсерін бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-қимылдар жоспарын іске асыру, өздерінің қызметі саласындағы ірі тәуекелдерді уақтылы анықтау және олар туралы хабарлау және жұмыс жоспарына енгізілуіне тиіс, тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жауапты болады.

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы

Кредиттік тәуекел. Холдингтік Компания кредиттік тәуекелге ұшырайды, ол қаржы құралымен операция тараптары бірінің шарт бойынша міндеттемелерін орындамау салдарынан екінші тарапқа қаржы залалдарын тану себебі болып қызмет ету тәуекелі болып табылады. Кредиттік тәуекел Холдингтік Компанияның және еншілес кәсіпорындардың контрагенттермен соның салдарынан қаржы активтері пайда болатын кредиттік және басқа да операциялары нәтижесінде туындайды.

Холдингтік Компанияның кредиттік тәуекелінің ең жоғарғы деңгейі қаржылық жағдай туралы қысқартылған жекелеген аралық есепте қаржы активтерінің теңгерімдік құнында көрсетіледі. Кредит беру бойынша кепілдіктер мен міндеттемелер үшін кредиттік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі міндеттемелердің сомасына тең болады. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша еншілес ұйымдарға берілген қарыздардың кепілзаттық қамтамасыз етілуі мен сапасын жақсартудың басқа да шаралары жоқ (2018 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламентіне» сүйене отырып, бір контрагентке немесе байланысты контрагенттер тобына лимитті қоса алғанда, Холдингтік Компания кредиттік тәуекелді контрагенттермен жүзеге асырылған операцияларға лимиттер белгілей отырып бақылайды.

2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық активтердің ешбір баптарының мерзімі өткен болып табылмайды (2018 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

Несиелік тәуекелдің шоғырлануы. Холдингтік Компанияның ақша қаражаты мен депозиттері, 2019 жылғы 30 маусымда екі банкте орналастырылған (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: үш банкте), бұл Холдингтік Компанияны несиелік шоғырландырудың елеулі тәуекеліне ұшыратпайды.

Инвестициялық бағалы қағаздардың шоғырлануы 6-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелердің шоғырлануы 7-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Валюталық тәуекел. 2019 жылғы 30 маусымдағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Холдингтік Компания елеулі валюталық тәуекелген ұшыраған жоқ.

Нарықтық тәуекел – бұл, шетел валюталарының және пайыздық мөлшемелер алмасу бағамын қоса алғанда, нарықтық бағаның өзгерісі салдарынан, Холдингтік Компания кірісінің немесе оның портфелі құнының өзгеруі тәуекелі. Холдингтік Компания үшін нарықтық тәуекел, валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі тәуекелінен құрылады. Нарықтық тәуекел, нарықтағы жалпы және ерекшелік өзгерістерге ұшыраған пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты, ашық айқындамалар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың мақсаты, нарықтық тәуекелге ұшырағыштық тиімді параметр аясынан шығып кетпеуі үшін, осы ретте қабылданған тәуекелден алынатын кірісті оңайлатуды қамтамасыз ете отырып басқару және бақылау болып табылады.

Нарықтық тәуекелді басқарудың жалпы жауапкершілігі, Қоғам басқармасының төрағасы басшылық ететін, Басқармаға жүктелген. Басқарма, Тәуекелдерді басқару департаментінің ұсыныстарын негізге ала отырып, нарықтық тәуекелдің лимитін бекітеді.

Холдингтік Компания, жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің мәніне қатысты ашық айқындама бойынша лимиттерге, пайыздық мөлшерлемелерге, валюталық айқындамалардың өзгерісі мерзімдерін белгілеуге және лимиттер жоғалтуға, олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу арқылы, нарықтық тәуекелдерді басқарады, олардың нәтижелері Басқармада қаралады және бекітіледі.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – бұл, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан болатын, Холдингтік Компания кірістерінің немесе оның қаржы құралдары портфелі құнының өзгеруі тәуекелі.

Холдингтік Компания нарықтық пайыздық мөлшерлеменің, оның жекелеген қаржылық жағдайына және ақша қаражаты ағынына әсер етуіне байланысты, өзіне тәуекел қабылдайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржа деңгейін арттыруы мүмкін, алайда оны төмендетуі де мүмкін, немесе пайыздық мөлшерлемелері күрт өзгерген жағдайда, залалдың туындауына алып келуі мүмкін.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі өтеу мерзімі айқындалған қолда бар немесе болжанатын активтер көлемі бойынша өтеу мерзімі соған ұқсас қолда бар немесе болжанатын міндеттемелерден артық немесе кем болған жағдайларда туындайды. Пайыздық тәуекелді басқару шығындарды толық жабу қағидаларына негізделеді, алынған пайыздық кіріс қаражатты тарту және орналастыру бойынша шығыстарды жабуға және таза кіріс пен бәсекеге қабілеттілікті алуды қамтамасыз етуге тиіс.

Төмендегі кестеде Холдингтік Компанияның 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдайы бойынша пайыздық тәуекеліне жүргізілген жалпы талдау келтірілген. Сондай-ақ онда шарттарға немесе өтеу мерзімдеріне сәйкес пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау күндері бойынша бөліне отырып, көрсетілген күндердің қайсысы әлдеқайда ерте болып табылатынына қарай, Холдингтік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары теңгерімдік құны бойынша көрсетілген.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікке ескертпелер –
2019 жылғы 30 маусым

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы

Пайыздық мөлшерлемердің өзгеру тәуекелі, жалғасы

(мың қазақстандық теңгемен)	Талап еткенге дейін және			1 жылдан астам	Пайызсыз	Жиыны
	1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін			
2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген						
Қаржы активтерінің барлығы	2,777,204	6,290,658	96,182	643,628,044	13,014,185	665,806,273
Қаржы міндеттемелерінің барлығы	(57,756)	(306,349)	(320,154)	(648,901,891)	(782,312)	(650,368,462)
2019 жылғы 30 маусымдағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық, аудиттелмеген	2,719,448	5,984,309	(223,972)	(5,273,847)	12,231,873	15,437,811

Төмендегі кестеде Холдингтік Компанияның 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша пайыздық тәуекеліне жүргізілген жалпы талдау келтірілген. Сондай-ақ онда шарттарға немесе өтеу мерзімдеріне сәйкес пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау күндері бойынша бөліне отырып, көрсетілген күндердің қайсысы елдеқайда ерте болып табылатынына қарай, Холдингтік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары теңгерімдік құны бойынша көрсетілген.

(мың қазақстандық теңгемен)	Талап еткенге дейін және			1 жылдан астам	Пайызсыз	Жиыны
	1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін			
2018 жылғы 31 желтоқсан						
Қаржы активтерінің барлығы	2,687,822	3,893,449	5,737,224	565,526,469	3,135	577,848,099
Қаржы міндеттемелерінің барлығы	(57,756)	(267,378)	(12,451)	(558,952,870)	(286,930)	(559,577,385)
2018 жылғы 31 желтоқсандағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық	2,630,066	3,626,071	5,724,773	6,573,599	(283,795)	18,270,714

2019 жылғы 30 маусымдағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді және қайта қаралған позицияларды ұлғайту немесе азайту жағына қарай 100 базистік тармаққа табыстылық қисығының параллельді жылжуының оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған пайданың немесе залалдың (салықтарды шегергенде) пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдығын талдау (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау тәуекелі) мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

(мың қазақстандық теңгемен)	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
Мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай 100 базистік тармаққа қосарлас жылжу	54,312	52,161
Мөлшерлемелердің азаяуына қарай 100 базистік тармаққа қосарлас жылжу	(54,312)	(52,161)

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы

Холдингтік Компания қаржы құралдары бойынша пайыздық мөлшерлемелердің бақылауын жүзеге асырады. Төмендегі кестеде есептердің негізінде тиісті есепті күнгі пайыздық мөлшерлемелер ұсынылған .

<i>Орташа өлшемді % жылына</i>	2019 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2018 жылғы 31 желтоқсан
Активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	6.23%	6.18%
Инвестициялық бағалы қағаздар	9.56%	9.58%
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	7.49%	7.50%
Міндеттемелер		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	7.62%	6.83%
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	9.24%	9.29%

Өтімділік. Қаржы міндеттемелері бойынша келісімшарттық төлемдер олардың теңгерімдік құнынан амортизацияланбаған дисконт пен болашақ пайыздық шығыстар сомасының мөлшерінде асып түседі. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша келісімшарттық төлемдер тиісінше 1,073,795,125 мың теңге (аудиттелмеген) және 312,969,907 мың теңге (аудиттелмеген) атаулдық құнды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 1,012,044,047 мың теңге және атаулдық құнды 288,969,907 мың теңге), сондай-ақ жыл сайын төленетін 163,096,529 мың теңге (аудиттелмеген) және 2,981,162 мың теңге (аудиттелмеген) (2018 жылғы 31 желтоқсан: 125,543,041 мың теңге және 2,928,172 мың теңге) болашақ пайыздарды қоса алғанда, тиісінше 1,236,891,654 мың теңгені (аудиттелмеген) және 315,951,069 мың теңгені (аудиттелмеген) (2018 жылғы 31 желтоқсан: 1,137,587,088 мың теңге және 291,898,079 мың теңге) құрайды.

Капиталды басқару. Холдингтік Компания капиталды Холдингтік Компанияның иеленушілеріне тиесілі таза активтер ретінде ескереді. Холдингтік Компанияның капиталға қатысты сыртқы реттеушілік талаптар объектісі болып табылмайды.

Құқықтық тәуекелдер – Холдингтік Компания заңнаманың қолайсыз өзгеруінің туындау ықтималдығын, заңнаманы дұрыс қолданбауды, шешімдер қабылдау кезінде ішкі құжаттардың талаптарын сақтамауды, мемлекеттік уәкілетті органдарды уақытылы хабарландыру етпеуді (әртүрлі жағдайларда: құжаттарды дайындау кезінде, заңдық маңызы бар әрекеттер жасау кезінде және т.б.) білдіретін құқықтық тәуекелге ұшырайды.

Холдингтік Компания заңнаманың өзгеруін жете бақылау, тапсырмалардың орындалуын бақылау, заң қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, кеңес берушілерді тарту арқылы құқықтық тәуекелді басқарады.

20 Шартты міндеттемелер

Сот талқылаулары. Ағымдағы қызмет барысында оқтын-оқтын сот органдарына Холдингтік Компанияға және оның еншілес кәсіпорындарына қатысты талап қоюлар келіп түсуі мүмкін. Жеке бағалауға, сондай-ақ ішкі кәсіби кеңес берушілердің ұсынымдарына сүйене отырып, Холдингтік Компанияның басшылығы олар бойынша талқылаулар Холдингтік Компания үшін елеулі залалдарға алып келмейді деп есептейді және тиісінше, Холдингтік Компания қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікте аталған талқылаулар бойынша залалдарды жабуға арналған резервті қалыптастырмады.

Шартты салық міндеттемелері. Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола тұра, көбінесе, нақты жазылмаған және қарама-қайшы заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірулер мен сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, бұл әртүрлі салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне жол береді, оның ішінде ХҚЕС талаптарына сәйкес қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және өзге баптарды есепке алуға қатысты қорытындыларды. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулермен және терген-тексерулермен ірі айыппұлдар салу және өсімпұлдар есептеу құқығы бар бірнеше реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңде салықтарды есептеудің дұрыстығын кейінгі күнтізбелік бес күн ішінде тексеруге болады, алайда, белгілі бір мән-жайлар кезінде бұл мерзім ұлғайтылуы мүмкін.

Аталған жағдайлар Қазақстандағы салықтық қуынымдар, өзге елдердегіге қарағанда айтарлықтай жоғары болуына алып келуі мүмкін. Холдингтік Компанияның басшылығы, салық заңнамасын, нормативтік талаптарды және сот шешімдерін өзінің түсінігі тұрғысынан, салық міндеттемелері толық дәрежеде көрстетілді деп санайды. Дегенмен де, осы ержелерді тиісті органдардың түсіндіруі басқаша болуы мүмкін және олар өздерінің ұстанымын құқыққа сәйкес деп дәлелдеген жағдайда, осы жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне елеулі түрде әсер етуі мүмкін.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер. 2017 жылғы желтоқсанда «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС компаниясының инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін «ҚДБ» АҚ мен Sumitomo Mitsui Banking Corporation Europe Limited», «Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ Ltd.», «Deutsche Bank AG», «Credit Agricole Corporate and Investment Bank» арасында кредит келісімі жасалды. Холдингтік Компания 225,000 мың АҚШ долларынан (86,445,000 мың теңгеге баламалы) аспайтын сомаға "ҚДБ" АҚ кредиттік желі шарты бойынша қамсыздандыру ретінде қаржылық кепілдік шартын жасады. 2018 жылдың ақпанында "ҚДБ" АҚ кредиттік желі шарты бойынша жылдық 4.67% және жылдық 4.94% мөлшерлемелер бойынша жалпы сомасы 225,000 мың АҚШ долларына қарыз алды, оларды өтеу мерзімі 2030 жылы басталады. Есепті күнгі жағдай бойынша Холдингтік Компанияның басшылығы мынадай жорамалдарды қолдана отырып, 157,330 мың теңге сомасында күтілетін кредиттік залалдарды есептеді: кепілдік айырбастау коэффициенті 1.0 құрайды, контрагенттің кредиттік рейтингі "BBB -"-ке тең және тиісті көрсеткіштер тең болып қабылданды: PD (0.26%) және LGD (70%).

20 Шартты міндеттемелер, жалғасы

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер, жалғасы

2018 жылдың желтоқсанында "АстанаГаз ҚМГ" ЖШС 2033 жылы өтеу мерзімімен және 10% купон мөлшерлемесімен жалпы сомасы 85,000,000 мың теңге Сарыарқа газ құбырын салуды қаржыландыру үшін облигациялар шығарды. Холдингтік Компания купондық төлемдердің негізгі сомасы бойынша 42,500,000 мың теңгеден және жалпы сомасы бойынша 14,067,500 мың теңгеден аспайтын сомаға "АстанаГаз ҚМГ" ЖШС міндеттемелерінің 50%-ы бойынша қамсыздандыру болып табылатын қаржылық кепілдігі шартын жасасты. Есепті күнгі жағдай бойынша Холдингтік Компанияның басшылығы мынадай жорамалдарды қолдана отырып, 235,420 мың теңге сомасында күтілетін кредиттік залалдарды есептеді: кепілдік айырбастау коэффициенті 1.0 құрайды, контрагенттің кредиттік рейтингі "BB" тең және тиісті көрсеткіштер тең деп қабылданды: PD (0.75%) және LGD (55.49%).

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде кредиттік сипаттағы міндеттемелерде қандай да өзгерістер болған жоқ.

21 Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар

Егер екі тарап ортақ бақылауда болса немесе олардың бірінің екіншісін бақылау мүмкіндігі болса немесе ол екінші тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдаған кезде айтарлықтай ықпал ете алса, тараптар байланысты болып есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма деген мәселені шешкен кезде тараптардың заңгерлік нысаны ғана емес, сонымен қатар олардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны назарға алынады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Холдингтік Компанияға бақылауы бар, себебі, ол түпкілікті бақылаушы тарап болып табылады. Холдингтік Компания мемлекеттік кәсіпорындармен есеп айырысулар бойынша жеке болмашы операциялар мен қалдықтар туралы ақпаратты ашып көрсетуден босатуды қолдану туралы шешім қабылдады.

Төменде байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша 2019 жылғы 30 маусымға қалдықтар көрсетілген (аудиттелмеген):

(мың қазақстандық теңгемен)	Еншілес кәсіпорындар		Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар	
	Теңгерім	Орташа пайыздық мөлшерлеме	Теңгерім	Орташа пайыздық мөлшерлеме
Ақша қаражаты мен оның баламалары	-	-	14,572	-
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	950,379,934	-	-	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	525,424,898	0.15%	-	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің құнсыздануына резерв	(5,619,516)	-	-	-
Инвестициялық бағалы қағаздар	117,768,343	9.64%	6,691,652	8.27%
Алуға дивидендтер	12,996,230	-	-	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	-	1,858,818	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив	-	-	1,353,691	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(16,085,067)	9.57%	(489,403,656)	0.11%
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	-	-	(142,456,000)	0.09%
Өзге міндеттемелер құрамында ұсынылған жалдау бойынша міндеттеме	(641,427)	-	-	-
Өзге міндеттемелер құрамында ұсынылған шығарылған қаржылық кепілдіктер*	(157,330)	-	(235,420)	-
Өзге де міндеттемелер	(20,519)	-	(735,652)	-

* 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Холдингтік Компания 2 байланысты тараптың атынан қаржылық кепілдіктер берді – ҚДБ АҚ және "АстанаГаз ҚМГ" АҚ, кепілдік сомасы тиісінше 56,567,500 мың теңге және 225,000 мың АҚШ долларын құрады. Міндеттеме дефолт басталған сәттен бастап туындайды, ол ҚДБ АҚ және "АстанаГаз ҚМГ" АҚ өтеу кестесіне сәйкес негізгі соманы және сыйақыны/купонды төлеу бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамаған жағдайда орын алады. Кепілдіктерді өтеу мерзімі 2030-2033 жылдар кезеңінде басталады. Барлық кепілдіктер пайызсыз болып табылады және кепілмен қамтамасыз етілмеген. 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания өзге операциялық кірістің бір бөлігі ретінде танылған 18,621 мың теңге мөлшерінде кепілдіктер бойынша комиссиялық кіріс алды.

21 Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар, жалғасы

Төменде 2019 жылғы 30 маусымда байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген (аудиттелмеген):

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еншілес кәсіпорындар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық кірістер	21,764,041	350,741
Пайыздық шығыстар	(85,067)	(21,652,145)
Дивидендтік кіріс	15,605,834	-
Өзге операциялық (шығыстар)/кірістер	(13,320,568)	13,539,872
Жалгерлік міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	(29,202)	-
Қаржы активтерінің құнсыздануынан залалдар	(284,481)	-
Әкімшілік шығыстар	-	(316,800)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	280

Төменде байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша 2018 жылғы 31 желтоқсанға қалдықтар көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еншілес кәсіпорындар		Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар	
	Теңгерім	Орташа пайыздық мөлшерлеме	Теңгерім	Орташа пайыздық мөлшерлеме
Ақша қаражаты мен оның баламалары	-	-	1,675	-
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	891,478,834	-	-	-
Инвестициялық бағалы қағаздар	77,746,676	9.58%	9,161,104	8.45%
Құнсыздануға резерв шегерілгенге дейін еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	488,312,399	0.15%	-	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің құнсыздануына резерв	(5,593,907)	-	-	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	-	1,682,421	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	(435,423,764)	0.11%
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	-	-	(123,866,691)	0.09%
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	-	(1,121,863)	-
Өзге міндеттемелер құрамында ұсынылған шығарылған қаржылық кепілдіктер*	(157,330)	-	(235,420)	-
Өзге де міндеттемелер	(64,493)	-	(82,468)	-

Төменде 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген (аудиттелмеген):

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еншілес кәсіпорындар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық кірістер	14,294,266	82,084
Пайыздық шығыстар	-	(14,177,037)
Дивидендтік кіріс	13,990,059	-
Өзге операциялық (шығыстар)/кірістер	(2,471,998)	2,629,427
Әкімшілік шығыстар	(44,000)	(308,234)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	56,755

Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың жалпы мөлшері төменде көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Директорлар кеңесінің мүшелері	191,120	164,419
Басқарманың мүшелері	106,648	113,507
	297,768	277,926

22 Әділ құн

Әділ құнды айқындау. Холдингтік Компанияның есептік саясатының белгілі бірержелері және бірқатар ашылулар қаржылық, әрі қаржылық емес активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды талап етеді. Әділ құн төменде көрсетілген әдістерді пайдалана отырып, ақпаратты бағалау және ашып көрсету мақсаттары үшін айқындалды. Қолдануға болатын жерде, активтің немесе міндеттеменің әділ құнын айқындау процесінде жасалған долбарлар туралы қосымша ақпарат осы активке немесе міндеттемеге қатысты ескертпелерде ашып көрсетіледі.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Холдингтік Компания, мүмкін болғанша, бақыланатын нарықтық деректерді қолданады. Әділ құнды бағалаулар тиісті бағалау әдістері шеңберінде пайдаланылатын бастапқы деректерге қарай, әділ құн иерархиясының әртүрлі деңгейлеріне жатады.

1-деңгей: белсенді нарықтардағы бірдей активтер мен міндеттемелердің белгіленетін (түзетілмеген) бағалары.

2 деңгей: тиісті актив немесе міндеттеме бойынша немесе тікелей (яғни тікелей баға), немесе жанама (яғни бағаға негізделген деректер) бақыланатын болып табылатын 1-деңгейді бағалау үшін қолданылатын баға белгіленген бағадан басқа бастапқы деректер.

3-деңгей: бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген, активтер мен міндеттемелер үшін бастапқы деректер (бақыланбайтын бастапқы деректер).

Егер активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау үшін пайдаланылатын бастапқы деректердің әділ құн иерархиясының әртүрлі деңгейлеріне жатқызылуы мүмкін болса, онда әділ құнды бағалау, тұтастай алғанда, бүкіл бағалау үшін елеулі болып табылатын, анағұрлым төмен деңгейдің бастапқы деректері сәйкес келетін иерархияның деңгейіне жатады.

Холдингтік Компания өзгерістер жүзеге асырылған есепті кезеңнің аяғына әділ құнды бағалаудың иерархиясындағы деңгейлердің арасындағы аударымдарды таниды .

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құнның иерархия деңгейінің қимасында, 2019 жылғы 31 маусымдағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарының талдауы келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2 деңгей, аудиттелмеген	Әділ құнның барлығы, аудиттелмеген	Теңгерімдік құнның барлығы, аудиттелмеген
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	2,663,742	2,663,742	2,663,742
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	452,993,855	452,993,855	519,805,382
Инвестициялық бағалы қағаздар	125,259,995	125,259,995	124,459,995
Алуға дивидендтер	12,996,230	12,996,230	12,996,230

Міндеттемелер

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	439,402,169	439,402,169	506,488,723
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	150,846,048	150,846,048	142,456,000

Бұдан әрі кестеде әділ құнның иерархия деңгейінің қимасында, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнының талдауы келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2 деңгей	Әділ құнның барлығы	Теңгерімдік құнның барлығы
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	2,596,755	2,596,755	2,596,755
Инвестициялық бағалы қағаздар	86,880,111	86,880,111	86,907,780
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	444,193,543	444,193,543	482,718,492
Міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	382,869,575	382,869,575	435,423,764
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	133,617,190	133,617,190	123,866,691

Мынадай жорамалдарды басшылық қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін пайдаланады:

* дисконттау мөлшерлемелері жылдық 8.62 – 9.45% (аудиттелмеген) еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерден ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2018 жылғы: жылдық 8.04-8.63%);

* дисконттау мөлшерлемелері жылдық 8.62 – 9.45% (аудиттелмеген деректер) шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2018 жылғы: жылдық 8.04-8.63%);

* дисконттау мөлшерлемелері жылдық 8.62 – 9.45% (аудиттелмеген деректер) Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздар бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2018 жылғы: жылдық 8.04-8.44%);

* нарықтық баға белгілеулер инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнын анықтау үшін қолданылады.

23 Сегменттер бойынша талдау

Холдингтік Компанияның қызметі ХҚЕС (IFRS) 8 «Операциялық сегменттер» мақсаттары үшін бірыңғай операциялық сегмент болып табылады. Холдингтік Компания активтері Қазақстан Республикасында шоғырланған және Холдингтік Компания Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асырудан пайда алады. Операциялық шешімдерді қабылдау бойынша Холдингтік Компанияның жауапты тұлғасы Басқарма Төрағасы болып табылады, ақпаратты тұтастай алғанда Холдинг бойынша ғана алады және талдайды.

24 Есептік күннен кейінгі оқиғалар

2019 жылғы шілдеде Холдингтік Компания дивидендтерді төлегенін жариялады және 2019 жылғы 5 шілдедегі № 482 бұйрыққа сәйкес Жалғыз қатысушыға тиесілі 537, 242 мың теңге сомасында дивидендтерді бөлді.

2019 жылғы шілдеде «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес автобустар, тракторлар мен комбайндарды лизингке өткізу үшін кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ екінші деңгейдегі еншілес кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайта отырып, «ҚДБ» АҚ еншілес кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайта отырып, Холдингтік Компанияның жарғылық капиталын 12,000,000 мың теңгеге ұлғайту жүргізілді.

2019 жылғы шілдеде Холдингтік Компания «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры» жобасының құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін республикалық бюджет қаражатынан жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен 23,546,000 мың теңге мөлшерінде кредит алды, кредит мерзімі – 10 жыл. Тартылған қаражат жоғарыда көрсетілген мақсаттар үшін жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен «ҚДБ» АҚ Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорнына 10 жыл мерзімге кредит түрінде берілді.

2019 жылдың шілдесінде Холдинг «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру үшін республикалық бюджет қаражатынан жылдық 0.05% сыйақы мөлшерлемесімен 11,258,978 мың теңге мөлшерінде кредит алды, кредит мерзімі – 20 жыл. Тартылған қаражат жоғарыда көрсетілген мақсаттар үшін «ҚДБ-Лизинг» АҚ кейіннен кредит беру үшін жылдық 0.08% сыйақы мөлшерлемесімен «ҚДБ» АҚ Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорнына 20 жыл мерзімге кредит түрінде берілді.

2019 жылдың тамызында Холдингтік Компания бесінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымы аясында атаулы құны 25,000,000 мың теңге болатын, жылдық 9.75% купондық мөлшерлемесімен және 10 жылдан кейін өтеу мерзімімен шығарылған қамтамасыз етусіз купондық облигацияларды шығарды. Қаражат «БД» АҚ шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу жолымен Алматы қаласында жер массивін салудың инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін пайдаланылатын болады.

2019 жылғы шілде-тамыз кезеңінде Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындардан жарияланған дивидендтер үшін 12,659,028 мың теңге сомасында ақшалай төлемдерді алды.